

# Ерлігі – ұрпаққа үлгі

## Ж.ӘБДІКӘРІМ

Қызылөскер Шәймерден Шүкібаев туралы деректерді редакциямызға баласы Төлеген Смағұлов пен немересі Серік әкеп тапсырды. 1920 жылы Новосібір жерінде дүниеге келген Шәймерден Смағұлұлы әскерге Баянауылдан аттаныпты.

Архив құжаттарын сөйлетсек, Шәймерден Шүкібаев Суворов және Ленин орденді Қызыл Тулы 130-шы Таганрог атқыштар дивизиясы 371-ші Брест атқыштар полкінің 1-ші атқыштар батальонында взвод командирінің көмекшісі болған.

120 миллиметрлік миномет батареясының бағыттаушысы - кіші сержант Шәймерден Шүкібаев 1944 жылғы 21 наурызда Горохово станциясы үшін, 26 наурызда Николаев облысы Николаев ауданына қарасты Водопой селосы үшін болған ұрыста минометтен жауға қарсы соққы беріп, қарсы жақтың миномет нүктесін жоюмен бірге төрт немісті жер жастандырады. Басшылық шешімімен осы ұрыстан кейін Шәймерден «Ерлігі үшін» медалімен марапатталады.

Қан майданда ержүректігімен

ерекшеленіп, «Жауынгерлік ерлігі үшін», кейін I дәрежелі «Отан соғысы» орденін омырауына қадаған қаһарман солдаттың наградаларының ішінде Қызыл Жұлдыз ордені бір төбе.

1945 жылдың 13 қаңтарында Шығыс Пруссиядағы Грюнхоф елді мекені үшін болған қиян-кескі ұрыс 15-інде Тракеннен жерінде жалғасты. Бұл жолы Шәймерденнің взводы жаудың 20 солдаты мен офицерін өлтіріп, 2 немісті қолға түсірді. Қатардан шығып қалған взвод командирінің орнын басу қажет болғанда жаужүрек ер қаймықпай, взводқа өзі ие болды. Жау қайта шабуылға басқанда жараланса да, қарулас достарын тастап кетпеді. Бұл жолғы ерлігі де лайықты бағаланып, Қызыл Жұлдыз орденіне ұсынылды.

Соғыстан кейін Мәскеуде бухгалтерлік курсты тәмамдаған Шәймерден Шүкібаев «Майқайыңалтын» руднигінде еңбек етіп, 1988 жылы көз жұмды.

Жұбайы Жазира Шайхина екеуі тоғыз бала тәрбиелеп, артында ұлағатты ұрпақ қалдырды.

